

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Этносольфеджио» музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств	18

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Этносольфеджио» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Этносольфеджио» пәні бойынша оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) затакт – келесі тактінің бірінші бөлігінің алдында келетін тактінің толық емес бөлігі; бірінші такті сызығының алдында жазылатын пьесаның басындағы бір немесе бірнеше дыбыс;

2) канон – полифониялық форма, ол кезде әуен өздігінен контрапункт құрайды;

3) кварта – аяқталған консонстардан құралған музыкалық интервал;

4) квинта – кеңдігі жағынан бес сатыны құрайтын музыкалық интервал, 5 санымен белгіленеді;

5) консонанс – әртүрлі тондардың бірігуі, бір уақытта үйлесімді дыбысталуы; үйлесімділіктің негізгі элементтерінің бірі;

6) лига – екі немесе одан көп нотаны құрайтын, орта бөлігі қалыңдау келген доға тәріздес жіңішке сызық;

7) ритмикалық сурет – дыбыстардың жоғарылығынан шығатын ұзақтығының реті;

8) тритон – көлемі үш толық тонды құрайтын музыкалық интервал;

9) үндестілік – музыкалық ладтың қалпын музыкалық тонның белгілі жоғарылықта дыбысталуында бекіту, музыкалық дыбыстар қатарының нақты бөлігіне байлау;

10) үшдыбыстылық айналымы – аккордтың алғашқы құрылымының өзгерісі, ол кезде сол дыбыстардың өзінен жаңа жақын аккорд пайда болады.

3. Пәннің мақсаты: музыка теориясы саласында алған білім, білік және дағдылары негізінде білім алушылардың музыкалық-шығармашылық дамуына жағдай жасау, балаларды ұлттың музыка мәдениеті негіздеріне тарту.

4. Пәннің міндеттері:

Оқыту:

1) музыкалық есту қабілетінің түрлі қырларына оқыту, тәрбиелеу және дамыту;

2) білім алушылардың музыкалық сауат саласы және музыканың карапайым теориясы бойынша теориялық мәлеметтерді меңгеруі;

3) жатталған немесе таныс емес әуенді дұрыс, интонациясы жағынан нақты айтуға оқыту;

4) күрделі емес әуенді естіп отырып жазуға, әуенді домбырада теруге және оған аккомпонемент жасауға үйрету;

5) орындалатын шығармаларды теориялық талдау саласындағы алғашқы дағдыларды дамыту.

Дамыту:

1) практикалық дағдылардың негізі ретінде білім алушылардың музыкалық есту қабілеттерін, музыкалық ойлауларын және музыкалық жадын мақсатты түрде жүйелі дамыту;

2) лад сезімін, метроритм, көркемдік талғамды дамыту;

3) вокалдық интонациялау және сольфеджиолау дағдыларын дамыту;

4) арнайы дағдыларды дамыту: интонациялаудың тазалығы, парақтан оқу, естуі бойынша және есте сақтау жады бойынша музыканы жазу, музыкалық шығармаларды талдау;

5) практикалық дағдыларды және оларды музыкалық материалды орындау кезінде, музыка ойнаудың шығармашылық формаларында кешенді түрде қолдану білігін қалыптастыру;

6) музыкалық түсініктерін және көркемдік талғамдарын қалыптастыру.

Тәрбиелік:

1) балалардың шығармашылық қызмет тәжірибесін алуы;

2) білім алушының бойында музыкалық ақпаратты меңгеруге ықпал ететін жеке қасиеттерді тәрбиелеу;

3) білім алушының ұлттық мәдениет негіздеріне оқыту;

4) қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеру;

5) білім алушының бойында мәдени құндылықтарды өз бетінше қабылдап және бағалауды қалыптастыру.

5. «Этносольфеджио» пәніне балаларды оқыту мерзімі – бес жыл. Негізгі, жалпы орта білімді аяқтамаған, бірақ музыка саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлап отырған балалар үшін, білім алушылардың ата-аналарының немесе оның орнын басатын тұлғалардың сұранысы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі бір-екі жылға ұлғайтылады.

6. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілген балалар музыка мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Бағдарлама жалпы музыкалық білім алуға, сондай-ақ әрі қарай кәсіби білім алуға бағытталған білім алушылармен жұмыс істеу үшін қолдануға бағытталған.

8. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

9. Бағдарлама әр баланы музыкалық дамытуды мейлінше саралап іске асыруға мүмкіндік береді, білім алушының жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқыту әдістерін қарастырады.

10. Бағдарлама музыкалық дарындылығы, дайындықтары және жалпы даму деңгейі әртүрлі балаларға есептелген. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

11. Бағдарлама:

- 1) білім алушының музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды меңгеруі;
- 2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;
- 3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;
- 4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;
- 5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгерулеріне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

12. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

- 1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;
- 2) білім алушының оқуға деген оң уәждемесін қалыптастыруға;
- 3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

13. Білім алушыға қажетті вокалдық интонациялау және сольфеджиолау дағдыларын үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу процесінде іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру және дамыту қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениетін үйретуге негізделеді.

14. Бағдарламаның ерекшелігі білім алушылардың дәстүрлі ән айту бойынша білім, білік және дағдыларын, жеке және ансамбльдік орындаушылық тәсілдерін алудағы жалпы дамытушылық бағыты болып табылады.

15. Бағдарлама білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

16. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгілеген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

17. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) табиғи сәйкестілік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушының музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты ән айтудың орындаушылық дағдыларын практикада меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушының қабілеттерін және бейімділіктерін ашуды болжайды, жетістік жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

18. «Этносольфеджио» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың вариативті болуына жағдай жасайды.

19. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

- 1) ауызша – әңгімелесу, айтып беру, түсіндіру, пікірталас;
- 2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің аспаппен шығарманы орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету;
- 3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;
- 4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;
- 5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

20. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

21. Сабақтардың формалары:

- 1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта пысықталады;
- 2) өздік жұмыстар ансамбльде ұжымдық музыка ойнау;
- 3) дайындық-концерттік (концерттік нөмірлерді дайындау және көпшілік алдында көрсету);
- 4) байқаулар.

22. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

23. Педагогтің білім алушымен жүргізетін жеке сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады.

24. Сабақ жоспары бір уақытта өткізілетін теориялық және практикалық сабақтардан тұрады.

25. Жұмыстың сабақтан тыс формалары:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
- 3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға;
- 5) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесулер.

26. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша

тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

27. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

28. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

29. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

30. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

31. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

32. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

33. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

34. Өзіндік сабақтар ұдайы және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын

игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығынын ескеріп анықталады.

35. Жеке үй тапсырмасы бірнеше кезеңмен жүргізіледі, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады. Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдер пысықталады, әртүрлі техникалық тәсілдер қолданылады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне ескеріп қандай да бір шығармамен жұмыс істеуге жұмсалатын уақыт көлемін анықтайды.

35. Білім алушының өз бетінше жүргізетін сабақтарын белсендіру үшін сабақтың келесі формалары қолданылады:

1) өз орындауын талдау (білім алушы өзінің айтуын бағалайды, жіберілген қателіктерін белгілейді);

2) білім алушылардың күнделіктеріне шығармамен жұмысқа қатысты педагогтің маңызды ұсынымдарын жазу;

3) үй тапсырмаларын орындау туралы ауызша есеп беру (білім алушы қиындықтар туралы және оларды жою туралы айтады).

36. «Этносольфеджио» пәнінің «Домбыра», «Қобыз», «Қылқобыз», «Қазақ музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

37. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы халық әндерінің, күйлерінің, дәстүрлі домбыра күйлерінің шығу тарихымен, музыкалық сауатпен танысады, қазақ халық әндерінің, күйлерінің дұрыс, интонациясы жағынан нақты айтулуын меңгереді, күйлердің әуенін есту арқылы қабылдауды, музыкалық шығарманың мазмұнын түсінуді, музыкалық бейне жасалатын музыкалық мәнерліктің құралдарын анықтауды үйренеді, домбырада ойнаудың алғашқы дағдыларын меңгереді, домбырада әуендерді тереді;

2) қабылдауға жеңіл материалдар ретінде музыкалық пьесалар мен әндер арқылы білім алушының музыкалық түсініктері, көркемдік талғамдары, күрделі емес әуенді есту арқылы жазу дағдыларын қалыптасады;

3) білім алушы кварта-квинта көлеміндегі ғұрыптық әндерді, 7-8 буынды әндерді жатқа үйренеді, музыкалық диктанттарды жазуды, күйлерді тыңдауды және талдауды үйренеді, музыкадағы мажорлы-минорлы үнділіктерді, интервал айналымдарын, қарапайым интервалдарды меңгереді.

38. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Квинта-кварталар көлемі.

2-тақырып. Домбыра түрлерімен танысу.

3-тақырып. Аңыз күйлер. Аңыз-күйлерді тыңдау. Күйлерді талдау.

4-тақырып. Қазақтың өлең өлшемдері. 7-8 буынды әндер. Интонациялық-ритмикалық құрылым.

5-тақырып. Әлди жыры лирикалық жанр. «Әлди» жанры (бесік әндері).

6-тақырып. Музыкалық диктант.

7- тақырып. До мажор мақам жүйесі. Кіріспе сатылар. Тұрақты дыбыстарды айту.

8-тақырып. Домбыра аспабымен танысу. Күйлерді тыңдау.

9-тақырып. Соль мажор мақам жүйесі. Тактыдан сырт. (Екі сегіздіктер).

10-тақырып. Әлди жанры. Ән диктанты. Күйлерді тыңдау және талдау.

11-тақырып. Мажор мақам жүйелері. «Жар-жар» қазақтың үйлену әндері. Ырғақтық жаттығулар (нүктелі төрттік және сегіздік). Минор сазы. Ре минор, ми минор (Оналтылықтар) Тепен көк. Өлең өлшемдері, Жар-жар.

12-тақырып. Өлшем $\frac{3}{4}$. Диктант (7-8 буынды). Күйлерді тыңдау және талдау.

13-тақырып. Бақылау сабағы. Фа мажор мақам жүйесі. Диктант. Өлшем $\frac{4}{4}$. Сыңсу әндері. Ырғақ түрлері.

14-тақырып. Тасымал. (түсініктеме) Мажор және минор саздары. Аралық. (түсініктеме). Си бемоль мажор мақам жүйесі. Өлшем $\frac{6}{8}$ (Келіншек). Күйлерді тыңдау және талдау. Бақылау сабағы. Диктант. Тест.

39. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) квинта-кварта көлемді саз туралы түсініктері қалыптасқан;
- 2) домбыра үлгілерімен жұмыс дағдыларына ие болады;
- 3) аңыз күйлерді тыңдауды, әңгіме-күй тірінде ойнауды;
- 4) қазақтың өлең өлшемдерін біледі;
- 5) буын және оның түрлерін ажырата алады;
- 6) ырқақтарды, оларды әлди жанрында санайды;
- 7) до мажор мақам жүйесін;
- 8) жар-жар әндерін біледі, орындайды;
- 9) музыкалық сауатты;
- 10) аспапта ойнау дағдыларына ие болады;
- 11) әдеп-ғұрып әндерін әндетуді (кварта-квинта көлемінде, 7-8 буынды);
- 12) ән диктантын жаза білуді;
- 13) бесік жыры, жар-жар, тойбастар, беташар туралы түсініктерді;

14) қазақ халық күйлерімен танысу;

15) күйлерді тыңдау, құрылысын талдау. Мысалы: Кеңес, Жастар биі,

Қосалқа;

16) суырып салу, өз әнін шығару және нотаға түсіру;

17) мажор-минор сазы, жай аралықтар, аралықтар айналымын меңгереді.

40. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушылардың лад сезімін, метроритм, музыкалық-есту қабілеттерін, музыкалық ойлауын және музыканы есте сақтау жадын дамыту жалғастырылады;

2) музыкалық материалдарда теориялық білімдерін (мажорлы-минорлы үндестіліктегі әуендердің үш түрін айту, әуендердің арасындағы айырмашылықтарды бекіту, қарапайым аралықтарды, аралық айналымдарын құру) қалыптастырады: тұсау кесу жыры, халық және авторлық күйлер;

3) білім алушы секста, септима, октава, көлеміндегі ғұрыптық әндерді жаттайды, халық және авторлық күйлерді талдайды, оларды домбырамен орындайды, Ре, Ля тірегінде күйлерді нотамен жазады.

41. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. До мажор, Соль мажор, соль мажор. Октава көлемінде саздар. 7-8 буынды әндер. Секста көлеміндегі дыбыс қатары. Әуендік диктант.

2-тақырып. Өлшем 2/4. Өлшем 3/4. Ырғақтық диктант.

3-тақырып. Өлшем 4/4. Минор сазының үш түрі. Т4, Т5 аралықтар. Күйлерде тыңдау және талдау.

4-тақырып. Халық аңыз-күйлері. Қағыс ерекшеліктері, құрылымы. Қосалқы мақам жүйелері. Фа мажор – Ре минор. Нүктелі төрттік және сегіздік ырғағы. Т1, Т8 аралығы. Күйлерді тыңдау және талдау. Ре-ля тірегі. Күйлердегі бас буын.

6-тақырып. Берілген қағысқа (бас буын) күй жазу. Күйлердегі Ми – Ля тірегі. Соль мажор – Ми минор. (үш түрі). Ырғақтық диктант.

7-тақырып. Күйлердегі орта буын. Си – Фа тірегі. Күйлердегі Соль – Ре тірегі.

8-тақырып. Ре мажор – Си минор үндестіліктері. Кіші, үлкен саға. Күйлердегі Ре – Ля, Ре – Ре тірегі. Үшдыбыстық айналымы. Ауыспалы саз. Канон. Секвенция. Өлшем 6/8. Ән диктанты. Мақам жүйесіндегі аралықтар.

9-тақырып. Шығармашылық дағдыларды дамыту. Өз әуенін шығару, берілген қағысқа күй шығару, әндерді түсіру. Аталған ритмге әуенді, жаттаған әуендеріне аспапта ритмикалық аккомпонементті шығару. Күрделі емес ритмикалық партитуралар. Әндерге суреттер.

42. 2 сыныптың білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқытудың соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) до мажор, соль мажор, октава көлеміндегі саздарды орындайды;

2) секста көлеміндегі дыбыс қатарын шығарады;

3) әдеп-ғұрып әндерін әндету (секста, септима, октава көлемінде);

4) секста, септима, октава түсініктерін;

5) көне және төкпе домбыра күйлерін, олардың құрылыстарын, оларды түсініп тыңдауды;

6) ре-ля тірегінде күйлерді жазу. Мысалы, Айжан қыз, Қайран шешем;

7) музыкалық теориялық білімі;

8) мажор-минор саздарының үш түрін, жай аралықтарды, аралықтар айналымын;

9) музыкалық аспаптарды тыңдау және анықтай білуді;

10) қағаз бетінен қарапайым ноталық үлгілерді оқи алады.

43. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы «қара өлең» жанрымен, «төкпе» күйімен, құрылымымен, ритммен, көне қобыз және сыбызғы күйлерінің ладтық ерекшеліктерімен танысады;

2) «қара өлең», «төкпе» күйі жанрындағы әндер материалымен жұмыс істеу барысында теориялық білімдері қалыптасады.

44. 3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Әндердің өлшемдері. Он бір буынды әндердің құрылымы. Лига, Канон. Оналтылықтар ритмикалық топтары. Үш белгіге дейін мажорлы және минорлы үндестіліктер және олардың түрлері.

2-тақырып. Он бір буынды диктант. «Қара өлеңдерді» тыңдау және талдау. «Қара өлеңдерді» жанрындағы әндерді айту.

3-тақырып. Қосалқы мақам жүйелері. «Қара өлең» түрлері, Ля мажор – Фа # минор мақам жүйелері. Ноталар бойынша және сөздерімен әндерді орындау. Аралықтар. (қайталау). Үштондық (түсініктеме, құрамы.). Вокалдық және аспаптық топтастыру. Өлшем 4/4 Оналтылықтармен ритмикалық топтар.

4-тақырып. «Төкпе» күйлері. Ырғағы және қағыстары. Күйлерді тыңдау және оларды талдау. Күй диктанты. Әндердің түрлері мен өлшемдері. Ритмикалық топтар: сегіздік және екі оналтылық тобы. Екі оналтылық және сегіздік тобы. Тритон. Доминантсептаккорд (түсініктеме, құрамы.) «Қара өлең» жанры. Тасымалдау. Ми Ы мажор – До минор мақам жүйелері.

5-тақырып. Қобыз күйлері, ладтық ерекшеліктері. Ырғақ түрлері. Өлшем 3/8. Диктант.

6-тақырып. Ля мажор – Фа минор мақам жүйелері. Ладтарды интонациялау. Сыбызғы күйлері. Құрамы, ладтық ерекшеліктері, ритм түрлері. Әндердегі секста және септима аралықтары. Аралықтар айналымы. Диктант.

45. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) қара өлеңді айтуды (11 буынды);
- 2) қобыз, сыбызғыда орындалған күйлерді талдауды;
- 3) аңыз күйлердің мазмұнын;
- 4) төкпе күй және оның құрылысы туралы түсінікті;
- 5) төкпе күйлерді нотаға өз беттерімен түсіруді;
- 6) халық және авторлық күйлерді нотаға түсіруді;
- 7) бағдарлама аясындағы музыка теориясын;
- 8) үштондық, күрделі аралықтар, үшдыбыстылықтың төрт түрін, негізгі үшдыбыстылықтар түсінігін біледі.

46. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы «синкопа», «триоль», «пентатоника», «доминантсептаккорд» түсініктерін меңгереді;

2) музыкалық материалда «төкпе», «шертпе» күйлері, қазақтың лирикалық әндері бойынша теориялық білімді меңгеру жалғастырылады.

47. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Әндердің өлшемдері және әндердің түрлері. Негізгі үшдыбысты мақам жүйесі. Минор мақам жүйелері.

2-тақырып. Төкпе күйлер. Түрлері, ырғағы мен қағыстары. Ырғақ және қағыстар. Пунктирлы ырғақ. Күрделі диатоникалық саз дыбыс қатары. Күй диктанты.

3-тақырып. Қазақтың лирикалық әндері. Құрылымы, саз ерекшеліктері, ырғақ түрлері. Өлшем 6/8. До # минор.

4-тақырып. Синкопа ырғағы. Нүктелі төрттік және екі оналтылық ырғағы. Ән диктанты. Үштондық. Мақам жүйесіндегі Т6, Т6/4.

5-тақырып. Негізгі үшдыбыстықтар. Шертпе күйлер. Құрылымы, саз ерекшеліктері, ырғақ түрлері. Қазанғап күйлері. Ля мажор – Фа минор мақам жүйелері.

6-тақырып. Триоль ырғағы. Мақам жүйесіндегі аралықтар. Т5/3, S5/3, Д5/3 айналымдары. Мақам жүйесіндегі. Д7. Доминосептаккорд. Күйлерді тыңдау және оларды талдау.

7-тақырып. Си мажор – Соль # минор. Кіріспе септаккорд. Ауытқу және модуляция. Күйлерді тыңдау және оларды талдау.

8-тақырып. Халық музыкасының мақам жүйелері. Дәстүрлі әндер. Пентатоника. (Мажор және минор). Күй диктанты.

48. 4 сыныптың білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) халық және кәсіби музыкасының жанрлық түрлерін;
- 2) қазақ күйшілерінің және қазақстандық сазгерлердің аттарын;
- 3) оқытылатын шығармалардың атауларын, олардың авторларын;
- 4) лирикалық әндерді әндету (күрделі дыбыс қатары, лирикалық әндер);
- 5) шертпе күйлердің құрылымын талдауды;
- 6) 8-9 рет тыңдағаннан кейін төкпе күйлерін нотаға түсіруді;
- 7) «тартыс» күй, «төкпе» күй, «шертпе» күй терминдерін, «доминатсептаккорд» айналымын біледі;
- 8) білім алушылар арасында күй тартысын өткізуді біледі.

49. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар.

1) білім алушы эпикалық шығармалармен, халықтық-кәсіби әндермен танысады, олардың құрылымдарын талдайды, оларды жатқа жаттайды және орындайды;

2) суырып салу, шертпе күйлерді нотаға түсіру дағдыларына ие болады, кіріспе септаккордтарды, II 7 құрады, олардың өлшемдерін анықтайды.

50. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Халықтық-кәсіби әндер. Күйлерді тыңдау. Ритмнің түрлері. Квинттік шеңбер. Д7 құрылымы, олардың айналымдары және шектеулері.

2-тақырып. Ритм түрлері. Ауыспалы мақам жүйесі.

3-тақырып. 6/8 өлшемі (он алтылықтар тобы). Диктант.

4-тақырып. Ауыспалы өлшем.

5-тақырып. Құрылымы және мақамдық ерекшеліктері. Ауыспалы өлшем. 2/4, 4/4 өлшемдері. Нүктесімен төрттік ритмикалық топ және екі он алтылық. Гармоникалық мажор мен минордағы тән аралықтар.

6-тақырып. Кіріспе 7 (гармоникалық минор мен мажорда. Эпикалық шығармалар. Шығармалардың құрылымы, мақамдық ерекшеліктері. Ритмнің түрлері. Диктант. «Төкпе күйлер», «шертпе күйлер» түсініктері.

7-тақырып. Ноталардың қаріптік белгілері. Суырып салу. Өз әуендері мен күйлерін шығару. Энгармонизм. Диктант.

8-тақырып. Тән аралықтар. Д7 айналымдары (дыбыстан). Бақылау сабағы.

9-тақырып. «Төкпе» күйлерді тыңдау және талдау. Күрделі аралықтар.

10-тақырып. 6/8 өлшемдері (он алтылықтар тобы). Дәстүрлі әндерді айту.

51. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер. 5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) өз орындауындағы шығарманың сипатын береді;
- 2) шыдамдылық, еңбекқорлық, бастаған істерін аяқтауға ұмтылуды көрсетеді;
- 3) музыкалы сауаттары одан әрі жетілдіреді;
- 4) теориялық білімдерін толықтырады;
- 5) халықтық - кәсіпқойәндерін әндерді орындайды;
- 6) эпикалық шығармаларды жатқа біледі, оларды орындайды, олардың құрылымын талдай алады;
- 7) төкпе және шертпе күйлерін нотаға түсіре алады;
- 8) өз күйлері мен әндерін шығару және нотаға түсіруді;
- 9) суырып салу қабілеттерін дамытады;
- 10) күй тартысын өткізуді ұйымдастыру дағдыларына ие болады;
- 11) септаккорд, II 7, шығарманың өлшемін анықтап, өлшеміне қарай топтастыруды біледі.

52. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруін бақылау – бақылау жұмысы түрінде, қорытынды аттестаттау – емтихан түрінде іске асырылады.

53. Аттестаттау формасы және білім алушылардың көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 1 сынып – төртінші тоқсанда: бақылау жұмысы (7-8 буындық әндерді сөздерімен диктант жазу);

2) 2 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (диктант – күйдің бас буынын жазу), екінші және төртінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (жатталған әндерді айту және күйдің үзіндісін ауызша түсіру);

3) 3 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (диктант – күйдің орта буынын жазу); екінші және төртінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (жатталған әндерді сөздерімен айту, мақамдарды айту, күйдің орта буынын түсіру);

4) 4 сынып – бірінші және үшінші тоқсанда: бақылау жұмысы (диктант – күйдің орта буыны), екінші және төртінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (жатталған әндерді сөздері мен айту, күйдің үзінділерін орындау);

5) 5 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы

(диктант), екінші тоқсанда: бақылау жұмысы (диктант – әртүрлі жанрдағы жатталған әндерді сөздерімен айту, өз күйін шығару), төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (әртүрлі жанрдағы жатталған әндерді сөздерімен айту, халық әуендерінің мақамдарын айту, есту қабілетін талдау, теориялық материалды білу).

54. Білім алушылардың қорытынды аттесттациясының мазмұнына қойылатын талаптарды (диктант, номерді парақтан оқу, алдын ала жатталған әнді орындау, естуді талдау, теориялық материалды білу) мектеп өз бетінше анықтайды.

55. Диктантты бағалау өлшемшарттары:

- 1) «5» «өте жақсы» бағасы – диктант бір қатесіз толық жазылған;
- 2) «4» «жақсы» бағасы – диктант тұтас жазылған. Кейбір анық емес жерлері бар: кездейсоқ белгісі жоқ; немесе (және) екі-үш қате нотасы бар; немесе бірнеше ритмикалық түсініксіз тұстары бар;
- 3) «3» «қанағаттанарлық» бағасы – көптеген түсініксіз тұстары бар: ноталардың жартысы қате, кездейсоқ белгілері жоқ; ритм тұтас алғанда дұрыс жазылмаған;
- 4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – қателері көп.

56. Номерді парақтан оқу, алдын ала жатталған номерді айтуды бағалау өлшемшарттары:

- 1) «5» «өте жақсы» бағасы – нақты интонациялау, түсініп орындау, жеңіл дирижерлік қимыл;
- 2) «4» «жақсы» бағасы – толығымен алғанда номер жақсы орындалған, бірақ интонациясы, сондай-ақ дирижерлеу жағынан біршама қателер бар;
- 3) «3» «қанағаттанарлық» - интонациялауы әлсіз; түсініксіз орындау; дирижерлік қимылда нақтылық жоқ;
- 4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – қателері көп.

57. Есту қабілеті бойынша талдауды бағалау өлшемшарттары:

- 1) «5» «өте жақсы» бағасы – барлық ауытқулары мен модуляциялары нықталған (тональді жоспар) – жоғары сыныптар үшін, барлық гармониялық айналымдар анықталған – тұтас және жеке аккордтар (аралықтар), сондай-ақ, музыкалық үзіндінің формасы, оның мінезі түсінікті болған;
- 2) «4» «жақсы» бағасы – жалпы алғанда тональді жоспар анықталған, барлық гармоникалық айналымдар, аккордтар қатары анықталған (аралықтар);
- 3) «3» «қанағаттанарлық» бағасы – музыкалық шығарманың формасын, оның мінезін түсінбеу, тональді жоспар анықталмаған, ауытқулар мен модуляция анықталмаған, бірнеше гармоникалық айналымдар, жеке аккордтар (аралықтар) анықталған;
- 4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – қателері көп.

58. Теориялық материалды білуге қойылатын бағалау өлшемшарттары:

1) «5» «өте жақсы» бағасы – теориялық мәліметтерді еркін меңгеруі, педагогтің ұсынған тапсырмасын қатесіз және жылдам орындауы;

2) «4» «жақсы» - теориялық білімінде қателіктер бар, педагогтің ұсынған тапсырмаларын нақты орындамауы;

3) «3» «қанағаттанарлық» - қарапайым теорияда нашар бағдарлануы, ұсынылған тапсырманы толық көлемде орындай алмауы.

4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – қателері көп.

**Образовательная программа
по предмету «Этносольфеджио» музыкальных школ
и музыкальных отделений школ искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Этносольфеджио» детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Этносольфеджио».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) обращения трезвучий – такое изменение исходной структуры аккорда, при котором из тех же самых звуков получается новый родственный аккорд;

2) тритон – музыкальный интервал величиной в три целых тона;

3) кварта – музыкальный интервал, один из совершенных консонансов;

4) квинта – музыкальный интервал шириной в пять ступеней, обозначается цифрой 5;

5) консонанс – слитное, согласованное одновременное звучание различных тонов; один из важнейших элементов гармонии;

6) тональность – закрепление положения музыкального лада за определёнными по высоте звучания музыкальными тонами, привязка к конкретному участку музыкального звукоряда;

7) затакт – неполная доля такта, предшествующая первой доле последующего такта; один или несколько звуков в начале пьесы, которые записываются перед первой тактовой чертой;

8) лига – дугообразная тонкая линия с небольшим утолщением к середине, объединяющая две или более ноты;

9) канон – полифоническая форма, в которой мелодия образует контрапункт сама с собой;

10) ритмический рисунок – последовательность длительностей звуков, отвлечённая от их высоты.

